

Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтардың кейбір мәселелері

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1999 жылғы 31 наурыз N 104

Отандық тауар өндірушілерді қорғау, теріс пиғылды бәсекелестікті шектеу мақсатында және "Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 26 қаңтардағы N 2823 заң күші бар Жарлығының 16-бабына сәйкес қаулы етемін:

1. Заңда белгіленген тәртіппен мыналар:

Лисаков арнайы экономикалық аймағы;

Қызылорда арнайы экономикалық аймағы;

Жәйрем-Атасу арнайы экономикалық аймағы таратылсын.

2. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

1) "Лисаков арнайы экономикалық аймағы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 23 тамыздағы N 3094 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1996 ж., N 34, 316-құжат, N 6, 40-құжат, 1998 ж., N 20, 175 - құжат) ;

2) "Қызылорда арнайы экономикалық аймағы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 8 қазандағы N 3123 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1996 ж., N 40, 375-құжат, 1997 ж., N 41, 382-құжат);

3) "Жәйрем-Атасу арнайы экономикалық аймағы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 14 қарашадағы N 3219 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1996 ж., N 45, 429-құжат).

3. Таратылатын арнайы экономикалық аймақтардың Әкімшілік кеңестерінің төрағалары :

1) Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметіне өз қызметі туралы есеп табыс ететін болсын ;

2) арнайы экономикалық аймақтың тарату процесінде екендігі туралы мәліметтерді заңды тұлғалардың мемлекеттік тіркеліміне енгізу үшін әділет органдарын арнайы экономикалық аймақтың таратылуы туралы жазбаша хабардар етсін;

3) орталық және жергілікті ресми басылымдарда арнайы экономикалық аймақтың таратылуы туралы, оның несие берушілерінің өтініштері мен талап қою тәртібі мен мерзімі туралы жарияланымдар жасасын.

4-5. ЕСКЕРТУ. 4-5-тармақтардың күші жойылды - ҚР Президентінің 2000.07.28. N 421 жарлығымен .

6. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Оқығандар: (Қасымбеков Б.А.)
(Икебаева Ә.Ж.)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ